ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН
ШЕШІМ

2025 жылғы 28 шілде №1112-25-00-2/1830 Көкшетау қаласы

Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.А.Жакупов қойылған талап бойынша оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАПКЕР:
«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Болат» Ниязбаев Болат Батырбекович жеке кәсіпкер

ТАЛАПКЕРДІҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы,
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 267-4 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақмола облысы білім басқармасының Есіл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Болат» Ниязбаев Болат Батырбекович жеке кәсіпкерге мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы, – қанағаттандырылсын.

«Болат» Ниязбаев Болат Батырбекович жеке кәсіпкер мемлекеттік сатып алудың жосыксыз қатысушы деп танылсын.

«Болат» Ниязбаев Болат Батырбекович жеке кәсіпкерден мемлекет пайдасына 2 995 (екі мың тоғыз жүз тоқсан бес) теңге 5 (бес) тиын тұрақсыздық айыбы және 2 055 (екі мың елу бес) теңге 9 (тоғыз) тиын көлемінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **Жакупов А.А.**

Құжатқа қол қойылған: Жакупов А. А., 28.07.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.09.2025, судья Жакупов А. А., 08.09.2025

1112-25-3-1/1755